

ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек+» жеке бөбекжайы

Ойын сабақ:

«Тәрбие-тал бесіктен басталады!»

Тәрбиешілер: О.Атауова

Тақырыбы: «Тәрбие – тал бесіктен»

Мақсаты: Балаларға отбасы, үлкенді сыйлау, ізеттілік, қамқорлық және адамгершілік құндылықтары туралы түсінік беру. Ойын арқылы әдептілікке, сыйластыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.

Өткізу форматы: Ойын-сабақ

Міндеттері:

Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту;

Әдептілік сөздерін дұрыс қолдануға үйрету;

Қарым-қатынас мәдениетін және бірлесіп ойнау дағдыларын дамыту.

Қажетті құралдар:

Қуыршақ, бесік (макет немесе сурет), отбасы мүшелерінің суреттері, үлестірмелі карточкалар, түрлі-түсті доп.

Сабақ барысы

1. Шаттық шеңбері

Балалар бірге айтады:

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, достарым!

Бір-бірімізге күлімдеп,

Жаксылық тілеп тұрайық!

2. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші:

– Балалар, «Тәрбие – тал бесіктен» деген мақалдың мағынасы қандай деп ойлайсыңдар?

– Біз жақсы әдеттерді, әдептілікті және мейірімділікті ең алдымен отбасымыздан үйренеміз.

3. Негізгі бөлім

«Жаксы сөз айт» ойыны

Балалар бір-біріне доп лақтырып, «Рақмет», «Кешіріңіз», «Өтінемін», «Сәлеметсіз бе?» сияқты сыпайы сөздерді айтады.

«Отбасымды таныстырамын» ойыны

Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетіп, олар туралы қысқаша әңгімелейді.

«Жаксы іс жасайык» ойыны

Тәрбиеші түрлі жағдаяттарды айтады, балалар дұрыс әрекетті таңдайды (үлкенге көмектесу, ойыншықтарды жинау, досымен бөлісу және т.б.).

4. Сергіту сәті

Анамды мен сүйсін,

Әкемді де сыйлаймын.

Әжемді де құрметтеп,

Атаммен бірге ойнаймын.

5. Қорытынды

Бүгін не туралы әңгімелестік?

Әдепті бала қандай болады?

Үлкендерге қалай құрмет көрсетеміз?

Тәрбиеші балаларды белсенділігі үшін мадақтап, жақсы қасиеттерді әрдайым сақтауға шақырады.

Күтілетін нәтиже

Балалар отбасы және тәрбие туралы қарапайым түсінік қалыптастырады;

Әдептілік сөздерін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады;

Үлкендерді құрметтеу, достарына қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттері дамиды;

Ойын арқылы қарым-қатынас жасау және өз ойын жеткізу дағдылары жетіледі.

Ұраны:

«Тәрбие – тал бесіктен, өнеге – отбасынан басталады!»